

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

**«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары,
білім берудің инновациялық тәсілі»**
(Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен мектепалды сынып педагогтарына
арналған)

Дайындаған «Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, ф.ғ.к., доцент Н.Б. Есенова

Бағдарлама төмендегі нормативті құжаттарды ескере отырып әзірленген:

Тақырыптық - күнтізбелік жоспарды дайындауда 2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>, «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқужоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>, Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>, Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619>, Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026513>

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Мектепке дейінгі білім беру – баланың алғашқы білім алу кезеңі, оның тұлғалық дамуы мен әлеуметтенуінің маңызды кезеңі. Бұл кезеңде қолданылатын заманауи технологиялар мен инновациялық әдістер баланың когнитивтік, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бірыңғай жалпы білім берудің типтік бағдарламасын әзірлеп, енгізу қажеттілігі пайда болды. Балалардың қолайлы әлеуметтенуі мен жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген басты біліктіліктерді игерулеріне ықпал ететін, туғаннан бастап мектепке дейінгі ересек жасқа жеткенге дейін (мектепалды даярлық) ерте жастағы балалардың кешенді дамуына көмек көрсетуі бағдарламаның ерекшелігі болып табылады. ҚР Білім және ғылым министрлігі мектепке дейінгі ұйымдарға жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізіп, Халықаралық тәжірибелерді пайдалануды ұсынады. Қазіргі таңда «Монтессори», «Reggio Emilia», «Waldorf», «STEM» әдістері Қазақстанда да белсенді қолданылып жатыр.

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру үдерісі қасиеттері мен мектепке дейінгі жастағы балалардың жаңартылған стандарттарына негізделген мектепке дейінгі ұйымының жобаланған мақсаттары білім нәтижелерін жиынтығы дәрежеде оқу үдерісіне қатысушылардың (балалар, тәрбиешілер, ата-аналар) және күту қажеттілігі ретінде қарастырылады.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары мен білім берудің инновациялық тәсілдері балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ойын арқылы оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, денсаулық сақтау технологияларын енгізу, жобалық оқыту, STEM-білім беру, жеке тұлғаға бағытталған оқыту және инклюзивті білім беру сияқты әдістер кеңінен қолданылуда. Балалардың қызығушылығын арттыру үшін интерактивті оқыту құралдары, мультимедиялық ресурстар, робототехника, дидактикалық ойындар мен зерттеу әдістері пайдаланылады. Оқыту процесінде баланың еркін дамуына, өз бетінше ойлау қабілетін қалыптастыруға, қоршаған ортамен белсенді қарым-қатынас жасауына мүмкіндік беретін технологиялар енгізіледі.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық мәдениет пен дәстүрлерді ескере отырып, рухани-адамгершілік тәрбие беру маңызды орын алады. Оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері баланың эмоционалдық тұрақтылығын сақтауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және жаңа білімді меңгеруге деген ынтасын арттыруға көмектеседі.

Бағдарламаның мазмұны мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуға деген заманауи амалдарды, мектеп жасына дейінгі ұйымдарындағы балалардың өмір әрекетін ұйымдастыру жөніндегі нормативтік-құқықтық құжаттарының талаптарын, тәрбиеленушілердің отбасыларымен әріптестік қарым-қатынас жасаудың заманауи технологиялары мен нысандарын

зерделеуге, мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру жағдайында балаларды дамыту мен тәрбиелеу шарты ретінде инновациялық педагогикалық қызметке бағдарланған.

Бағдарламаның практикалық мәні оның мазмұнын игеру барысында тыңдаушылар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік бағдарламасы негізінде педагогикалық үдерісті жобалау машықтарын іс жүзінде қалыптастыруға мүмкіндік алатындықтарында.

Білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық технологияларды қолдану, білім беру ұйым жұмысын жоспарлау, оқу-білім беру үдерісін бақылау мен бағалаудың теориясы мен әдістемесін және АКТ-құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

2. ГЛОССАРИЙ

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – мектепке дейінгі білім беру процесінде компьютерлер, планшеттер, интерактивті тақталар, мультимедиялық материалдар мен цифрлық ресурстарды пайдалану.

Онлайн сервистері – бұл пайдаланушылардың интернет арқылы сұранысы бойынша жергілікті компьютерге жүктеместен және орнатпай-ақ белгілі бір әрекеттерді орындайтын бағдарлама.

Цифрлық білім беру ресурсы (ары қарай - ЦББР) – білім беру мақсаттарына арналған және цифрлық, электрондық, «компьютерлік» нысанда ұсынылған ақпарат көзі.

Кибер қауіпсіздік – қолданушыларды, олардың ақпараттық жүйелерін, желілері мен бағдарламаларын сандық шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет

Мультимедиялық технологиялар – бұл ақпараттық және бағдарламалық құралдарды қолдана отырып, әртүрлі мәліметтер түрлерін дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну бойынша әрекеттерді жүзеге асыратын құралдар, әдістер жиынтығы.

Оқытудың белсенді әдістері– проблемалық дәрістер, рөлдік және іскерлік ойындар, топтық пікірталастар, жағдаятты есептерді шешу және т. б. үшін оқыту практикасында жиі қолданылатын термин.

Білім беру технологиясы – бұл мыналардан тұратын жүйе: баланың бастапқы жағдайының моделі; баланың соңғы жағдайының моделі; бала жағдайын диагностикалау құралдары; оқыту модельдерінің жиынтығы және оларды таңдау критерийлері, кері байланыс механизмі.

CO-creation– бірлескен шығармашылық, шығармашылық одақтар, балалардың әрекеттері, сапалы жаңа, әдеттен тыс, бірегей құндылықтарды жасауға бағытталған іс-әрекеттер.

Білім беру мазмұнын интеграциялау– ғылым дамуының іргелі заңдылықтары жүйесі негізінде ғылыми білімді синтездеу арқылы құрылған және табиғи байланыстар мен қатынастардың дидактикалық көрінісіне, яғни пәнаралық байланыстарға байланысты тұтас оқу пәндерін құру үдерісі мен нәтижесі.

Кіріктірілген іс-әрекет – бір-бірін толықтыра отырып, әртүрлі дағдыларды дамытуға бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекет түрлерінде берілетін білімді тең негізде біріктіру

Мектепке дейінгі білім беру сапасының критерийлері- Тәрбие-білім беру үдерісі және оның нәтижесі.

ECERS-R шкаласы – 2,5 жастан 5 жасқа дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың білім беру қызметінің сапасын кешенді бағалау

Интерактивтілік – интернет желісіндегі нақты уақыт режиміндегі жұмысты қоса алғанда, білім беру процесінің субъектілері (тьютор мен білімалушылар, өзара білім алушылар) арасындағы ақпарат, идеялар, пікір алмасу процесінің сипаттамасы.

Action Research – педагогтардың өз тәжірибелерін жетілдіру және тәрбиеленушілердің білім сапасын арттыру үшін өз орталарында жүргізетін зерттеулері

Интеграция – (нәтижеге қол жеткізу және бірге қызмет етуге адамдарды ынталандыратын атмосфера мен құндылықтар жүйесін құру).

4 К моделі – бұл білім беру нәтижелерінің жүйесі (түйінді құзыреттіліктер: сыни ойлау, креативтілік, коммуникация және командылық).

Денсаулық сақтау технологиялары – мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған әдістер мен тәсілдер (дене шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, массаж, релаксация).

Жобалау технологиясы – балаларды зерттеу әрекетіне тарту арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған оқыту әдісі.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне кіріктіру және олардың жеке қажеттіліктерін ескеру.

Интерактивті оқыту – бала мен педагог арасындағы белсенді қарым-қатынасқа негізделген, баланың білімді өз бетінше меңгеруін ынталандыратын оқыту әдісі.

Когнитивті даму – баланың ойлау, есте сақтау, зейін және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту процесі.

Монтессори әдістемесі – баланың өзіндік дамуына, дербес әрекет етуіне және қоршаған ортаны еркін зерттеуіне негізделген инновациялық педагогикалық жүйе.

Ойын технологиясы – оқу процесінде ойын элементтерін қолдану арқылы баланың қызығушылығын арттырып, білімін тиімді меңгеруіне көмектесетін әдіс.

Педагогикалық инновациялар – мектепке дейінгі білім беру саласында жаңа әдістер мен тәсілдерді енгізу арқылы оқыту сапасын жақсарту.

Проблемалық оқыту – балалардың ойлау және зерттеу дағдыларын дамыту үшін оларға шешімін табуды талап ететін сұрақтар мен мәселелер ұсыну әдісі.

Reggio Emilia әдісі – баланың шығармашылық және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған, еркіндік пен өзін-өзі білдіруді қолдайтын педагогикалық тәсіл.

STEM-білім беру – ғылым (Science), технология (Technology), инженерия (Engineering) және математика (Mathematics) салаларын біріктіріп оқытуға негізделген инновациялық білім беру әдісі.

Тұлғаға бағытталған оқыту – баланың жеке ерекшеліктерін, қабілеттерін және қызығушылықтарын ескере отырып, оның жеке дамуын қолдайтын педагогикалық тәсіл.

Арт-терапия – балалардың эмоциялық және психологиялық жағдайын жақсарту үшін сурет салу, мүсіндеу, музыка және шығармашылық әрекеттер арқылы жүзеге асырылатын әдіс.

Дамытушы ойындар – балалардың танымдық қабілеттерін, логикалық ойлауын, қиялын және шығармашылығын дамытуға бағытталған арнайы ойын түрлері.

3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	Жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. Нормативтік-құқықтық құжаттар. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі Тәрбие тұжырымдамасы.
Модуль 2. Дамытушы білім беру технологиялары	Дамытушы білім беру технологияларының теориялық негіздері. Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы технологияларды бағалау және мониторинг. Ойын технологиялары және олардың маңызы. Дидактикалық ойындар арқылы танымдық қабілеттерді дамыту. Жобалық әдіс: мектепке дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын дамыту. STEM-білім беру (ғылым, технология, инженерия және математика негіздері). Шығармашылық технологиялар (арт-терапия, ертегі терапиясы, театрландырылған оқыту). Танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер. Reggio Emilia әдісі: баланың зерттеу қабілеттерін арттыру. Монтессори технологиясы: өзіндік дамыту мен еркіндік принциптері. Вальдорф педагогикасы және оның ерекшеліктері. Қозғалыс ойындары және моториканы дамыту әдістері. Креативтілік пен зерттеу дағдыларын дамыту технологиялары. Эмоционалдық интеллект және әлеуметтік дағдыларды дамыту. Триз-технология және шығармашылық ойлауды дамыту.
Модуль 3. Ақпараттық-коммуникациялық және инклюзивті білім беру.	Интерактивті оқыту құралдары (смарт-тақталар, планшеттер, мультимедиялық материалдар). Цифрлық ресурстарды пайдалану және онлайн-білім беру платформалары. Робототехника және кеңейтілген шынайылық технологиялары. Мектеп жасына дейінгі балаларға жасанды интеллектіні қолдану. Бейне сабақтар мен мультимедиялық құралдарды енгізу. Ата-аналармен онлайн байланыс орнату. Интерактивті ойындар арқылы оқыту. Цифрлық ертегілер мен анимацияларды пайдалану. Психологиялық қолдау және эмоционалды интеллектті дамыту. Электрондық портфолио құру және білім алушының жетістіктерін бақылау.
Қорытынды бағалау	«Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу» постерлік презентацияқұру. «АКТ-ны мектепке дейінгі білім беруде тиімді пайдалану

4. МАҚСАТ, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ.

Курс мақсаты: Мектепке дейінгі білім беру саласында қолданылатын заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру, балалардың танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістерді тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Курс міндеттері:

- Мектепке дейінгі білім берудің заманауи технологияларын меңгеру – инновациялық педагогикалық әдістерді зерттеп, оларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді пайдалану;
- Балалардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету – ойын, жобалық оқыту, STEM және басқа да дамытушы технологияларды қолдану арқылы баланың қабілеттерін дамыту;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану – интерактивті құралдарды, мультимедиялық материалдарды және цифрлық ресурстарды мектепке дейінгі білім беру жүйесінде пайдалану;
- Инклюзивті білім беру тәсілдерін игеру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және олардың әлеуметтік ортаға бейімделуін қолдау әдістерін үйрену;
- Ойын технологияларын енгізу – дидактикалық, рөлдік, театрландырылған және қозғалыс ойындарын мектепке дейінгі оқыту жүйесіне енгізу арқылы баланың танымдық белсенділігін арттыру;
- Эмоционалдық интеллект пен психологиялық қолдау әдістерін дамыту – балалардың эмоционалдық тұрақтылығын қамтамасыз ету және олардың әлеуметтік дағдыларын жетілдіру тәсілдерін меңгеру;
- Денсаулық сақтау технологияларын енгізу – дене шынықтыру жаттығулары, тыныс алу гимнастикасы, релаксация әдістері және қауіпсіздік ережелерін үйрету арқылы балалардың денсаулығын нығайту;
- Педагогикалық бағалау және мониторинг әдістерін меңгеру – балалардың даму деңгейін бағалау, диагностика жүргізу, педагогикалық зерттеу әдістерін қолдану және нәтижелерді талдау;
- Ата-аналармен ынтымақтастық орнату – ата-аналарға педагогикалық кеңес беру, олармен өзара әрекеттесу және мектепке дейінгі білім беру сапасын жақсарту мақсатында отбасы мен балабақша байланысын нығайту;
- Педагогикалық тәжірибені жетілдіру және кәсіби құзыреттілікті арттыру – мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін зерттеу, іс-тәжірибеде қолдану және үздіксіз кәсіби даму дағдыларын қалыптастыру.

Курстың практикалық маңыздылығы: Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру сапасын арттыруға, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға және балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл курс барысында тыңдаушылар инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеріп, оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік алады.

Ойын технологиялары, STEM-білім беру, жобалық оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және дамытушы оқыту әдістері мектепке дейінгі білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатындықтан, оларды тәжірибеде жүзеге асыру балалардың когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, курс ата-аналармен өзара іс-қимыл орнату, отбасымен педагогикалық серіктестікті нығайту және балалардың оқу мен тәрбиелеу үдерісіне ата-аналарды белсенді тарту дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Практикалық тапсырмалар мен кәсіби дағдыларды жетілдіру барысында тыңдаушылар дамытушы ұйымдастырылған іс әрекетті жоспарлау және өткізу, кейс-әдісі мен шеберлік ойын әрекетін қолдану және рефлексия жасау сияқты нақты педагогикалық жағдайларды талдай отырып, оларды шешудің тиімді жолдарын табуға машықтанады. Сонымен қатар, курс барысында педагогикалық бағалау және мониторинг жүргізу әдістері меңгеріліп, білім беру процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған құралдар тәжірибеде қолданылады.

Пәнаралық интеграцияны күшейту:

Мектепке дейінгі білім беру барысында математиканы тіл дамыту жаттығуларымен, қоршаған ортамен таныстыруды шығармашылық әрекетпен, жаратылыстану негіздерін көркем өнермен, дене шынықтыруды танымдық ойындармен үйлестіру арқылы оқыту әдістері қолданылады. Интеграцияланған сабақтарда STEM-білім беру элементтерін енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, театрландырылған қойылымдар мен тәжірибелік зерттеулер жүргізу арқылы балалардың зияткерлік қабілеттері мен шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар, пәнаралық байланыстарды күшейту арқылы балалардың логикалық ойлауын, әлеуметтік бейімделуін және коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге болады. Мұндай әдіс балалардың жаңа ақпаратты тез қабылдауына, әртүрлі пәндер арасындағы байланыстарды түсінуіне және кешенді ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді. Осылайша, пәнаралық интеграцияны күшейту мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға және балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған маңызды инновациялық тәсіл болып табылады.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:

Дамытушы білім беру ортасын ұйымдастыру:

- Балалардың когнитивтік, әлеуметтік, эмоционалдық және физикалық дамуын қамтамасыз ететін білім беру ортасын құрады;
- Ойын технологияларын, STEM-білім беру элементтерін және интерактивті оқыту әдістерін енгізеді;
- Балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыратын және өз бетінше білім алуға ынталандыратын жағдай жасайды.

2. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану:

- Оқыту процесінде интерактивті құралдар мен цифрлық ресурстарды қолданады;
- Мультимедиялық бағдарламалар мен онлайн-білім беру платформаларын тиімді пайдаланады;

- АКТ көмегімен оқыту мазмұнын жетілдіріп, балалардың қызығушылығын арттырады.

3. Инклюзивті білім беру:

- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау және олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасау әдістерін меңгереді;

- Инклюзивті білім беру технологияларын қолдану арқылы әр баланың қажеттілігін ескере отырып, дербес оқыту тәсілдерін жүзеге асырады.

4. Бағалау және рефлексия:

- Балалардың білім алу және даму деңгейін диагностикалау әдістерін қолданады;

- Оқыту нәтижелерін бағалау және тиімділігін талдау дағдыларын қалыптастырады;

- Кері байланыс пен рефлексия негізінде педагогикалық қызметін жетілдіреді.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ТАҚЫРЫПТАРЫ

Бағдарлама негізгі 3 модуль және қорытындыдан тұрады:

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Модуль 2. Дамытушы білім беру технологиялары.

Модуль 3. Ақпараттық-коммуникациялық және инклюзивті білім беру.

Қорытынды. «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу» постерлік презентация. «АКТ-ны мектепке дейінгі білім беруде тиімді пайдалану жолдары қандай»: Кейс-әдіс (ситуациялық тапсырмалар)

Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері мектепке дейінгі білім беруді реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделіп отырып құрылады. Бұл бөлім бағдарламаның жалпы жоспарын қамтып, мақсаттары мен міндеттерімен өзара байланысты күтілетін нәтижелерді сипаттайды. Күтілетін нәтижелер – баланың құқықтарының сақталуы, білім беру сапасының артуы, мекеменің заңнамалық талаптарға сәйкестігі бағдарланады. Бағдарламаның барлық компоненттері өзара байланыста жұмыс істейді және нәтижеге бағытталған іс-әрекетті қамтамасыз етеді.

Модуль 2. Дамытушы білім беру технологиялары.

Дамытушы білім беру технологиялары. дамытушы білім беру технологияларын тиімді қолдануға негізделген. Бұл құрылым балалардың шығармашылық, танымдық және тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді жүйелі түрде ұйымдастыруды көздейді. Бағдарламаның бұл құрылымы мен мазмұны мақсат пен міндеттерге жетуге бағытталған, ал күтілетін нәтижелермен өзара тығыз байланыста жүзеге асырылады. Бұл білім беру процесінің тиімділігін арттырады.

Модуль 3. Ақпараттық-коммуникациялық және инклюзивті білім беру.

Ақпараттық-коммуникациялық және инклюзивті білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) мен инклюзивті білім беру қағидаларын енгізуге негізделген. Бұл құрылым цифрлық ортада білім беруді ұйымдастыру мен әр балаға тең мүмкіндік жасауды көздейді. Бағдарламаның бұл құрылымы мақсат пен міндеттермен тығыз байланысқан күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді көздейді. Ол барлық балалардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, білім беру процесін барынша қолжетімді етеді.

Қорытынды.«Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу» постерлік презентация. «АКТ-ны мектепке дейінгі білім беруде тиімді пайдалану жолдары қандай»: Кейс-әдіс (ситуациялық тапсырмалар)

Заманауи білім беру технологияларын тиімді енгізуге бағытталған. Бұл құрылым бағдарламаның жоспарын, сондай-ақ мақсаттар мен міндеттермен байланысты күтілетін нәтижелерді қамтиды. Нақты жағдайлар арқылы АКТ құралдарын қолдану тәсілдерін игеру, ситуациялық тапсырмалар негізінде практикалық шешімдер әзірлеу бойынша іске асырылады. Бағдарламаның бұл құрылымы мен мазмұны педагогтар мен балалар үшін АКТ-ны тиімді пайдаланудың жүйелі жолдарын ұсына отырып, нәтижеге бағытталған оқытуға ықпал етеді.

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары және білім берудің инновациялық тәсілдері» курсының оқу процесі теориялық білім мен практикалық дағдыларды теңдестіре отырып ұйымдастырылады. Курстың мазмұны тыңдаушылардың мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі заманауи әдістерді меңгеріп, оларды тәжірибеде тиімді қолдануына бағытталған. Оқу процесі дәрістер, практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптары, зерттеу жұмыстары, жобалық қызмет және ситуациялық тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Дәрістер барысында тыңдаушылар мектепке дейінгі білім беру саласындағы заманауи педагогикалық теориялар мен инновациялық тәсілдер туралы білім алады, оқыту мен тәрбиелеудің дамытушы технологиялары мен әдістерінің ғылыми-әдістемелік негіздерін зерттейді.

Практикалық сабақтарда тыңдаушылар ойын технологияларын, STEM-элементтерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, инклюзивті білім беру әдістерін және тұлғаға бағытталған оқыту тәсілдерін қолдануды үйренеді. Педагогикалық жағдайларды талдау, топтық жобалар әзірлеу, көрнекі құралдар дайындау және балабақшадағы оқу үдерісіне инновациялық тәсілдерді енгізу бойынша тәжірибелік тапсырмалар орындалады. Шеберлік тренингтерде тәрбиешілер мен тәжірибелі педагогтер өздерінің авторлық әдістерін, заманауи педагогикалық технологияларды тиімді қолдану жолдарын көрсетіп, тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға көмектеседі.

Курстың оқу процесінде тыңдаушыларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, мектепке дейінгі оқытудағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жобалық қызмет ұсынылады. Өздік жұмыстар барысында тыңдаушылар заманауи білім беру технологияларын зерттеп, оларды педагогикалық қызметке енгізудің жолдарын талдайды

Курсты аяқтау кезеңінде тыңдаушылар қорытынды емтихан тапсырып, жоба немесе педагогикалық портфолио ұсынады, онда олар өздерінің оқу барысында жинақтаған тәжірибесін, әдістемелік әзірлемелерін және кәсіби жетістіктерін көрсетеді.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыптары	лекция	Семинар, тренинг, мастер-класс	Тестілеу	Барлығы
1	Модуль 1. Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	8	2		10
1.1	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2.09.2024ж. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyin-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416 Білім туралы Заңы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031 .	4			4
1.2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030183 . Педагог мәртебесі туралы/ Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html . Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы (DOCX 45 Kb)/ http://irrd.kz/page/read/Zakony.html .	4	2		6
2	Модуль 2. Дамытушы білім беру технологиялары.	20	10		30
2.1	Дамытушы білім беру технологияларының	2			2

	теориялық негіздері.				
2.2	Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы технологияларды бағалау және мониторинг.	2			2
2.3	Ойын технологиялары және олардың маңызы.	2			2
2.4	Дидактикалық ойындар арқылы танымдық қабілеттерді дамыту.	2			2
2.5	Жобалық әдіс: мектепке дейінгі балалардың зерттеу дағдыларын дамыту.		2		2
2.6	STEM-білім беру (ғылым, технология, инженерия және математика негіздері).		2		2
2.7	Шығармашылық технологиялар (арт-терапия, ертегі терапиясы, театрландырылған оқыту).	2			2
2.8	Танымдық белсенділікті арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер.	2			2
2.9	Reggio Emilia әдісі: баланың зерттеу қабілеттерін арттыру.		2		2
2.10	Монтессори технологиясы: өзіндік дамыту мен еркіндік принциптері.	2			2
2.11	Вальдорф педагогикасы және оның ерекшеліктері.	2			2
2.12	Қозғалыс ойындары және моториканы дамыту әдістері.		2		2
2.13	Креативтілік пен зерттеу дағдыларын дамыту технологиялары.		2		2
2.14	Эмоционалдық интеллект және әлеуметтік дағдыларды дамыту.	2			2
2.15	Триз-технология және шығармашылық ойлауды дамыту.	2			2
3	Модуль 3. Ақпараттық-коммуникациялық және инклюзивті білім беру.	10	20		30
3.1	Интерактивті оқыту құралдары (смарт-тақталар, планшеттер, мультимедиялық материалдар).	2	2		4
3.2	Цифрлық ресурстарды пайдалану және онлайн-білім беру платформалары.	2	2		4
3.3	Робототехника және кеңейтілген шынайылық технологиялары.	2	2		4
3.4	Мектеп жасына дейінгі балаларға жасанды интеллектіні қолдану.		2		2
3.5	Бейне сабақтар мен мультимедиялық құралдарды енгізу	2	2		4
3.6	Ата-аналармен онлайн байланыс орнату.		2		2
3.7	Интерактивті ойындар арқылы оқыту.	2	2		4
3.8	Цифрлық ертегілер мен анимацияларды пайдалану.		2		2
3.9	Психологиялық қолдау және эмоционалды		2		2

	интеллекті дамыту.				
3.10	Электрондық портфолио құру және білім алушының жетістіктерін бақылау.		2		2
4	Қорытынды бағалау	4	4	2	10
4.1	«Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу» постерлік презентация	2	2		4
4.2	«АКТ-ны мектепке дейінгі білім беруде тиімді пайдалану жолдары қандай»: Кейс-әдіс (ситуациялық тапсырмалар)	2	2	2	6
	Барлығы:	42	36	2	80

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Тақырып	Сағат саны	Оқу түрі	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету
1	Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық аспектілері	10 сағат	Лекция, семинар	Ғылыми-әдістемелік зерттеулер. Нормативтік-құқықтық аспектілері тізімі, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқулықтар.
2	Дамытушы білім беру технологиялары	30 сағат	Практикалық сабақтар, тренингтер, Мастер-класс,	Жобаларды жоспарлау және құрастыру үшін ұсыныстар, материалдар, кейс-стадиялар. Мультимедиялық презентациялар, видео-сабақтар.
3	Ақпараттық-коммуникациялық және инклюзивті білім беру	30 сағат	Мастер-класс, практикалық сабақтар	Zoom, Google Meet, Microsoft Teams, Moodle қолдану. Интерактивті тақталар, онлайн контент жасау (Canva, Kahoot, Prezi). Мультимедиялық презентациялар
4	Қорытынды бағалау	10 сағат	Жоба жұмысын қорғау	Қатысушылардың жобаларын қорғау және бағалау критерийлері. Бағалау парақтары мен қадамдық нұсқаулар. Рефлексиялық жұмыстар

8. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Оқу нәтижелерін бағалау курстың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес тыңдаушылардың меңгерген теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын анықтауға бағытталған кешенді бағалау жүйесі негізінде жүзеге асырылады. Бағалау барысында тыңдаушылардың мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын қолдану қабілеті, инновациялық әдістерді меңгеру деңгейі, оқыту мен тәрбиелеу процесіне шығармашылық тұрғыдан келуі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға деген ынтасы ескеріледі.

Курсты меңгеру нәтижесінде тыңдаушылар дамытушы білім беру технологияларының негізгі қағидаларын, заманауи педагогикалық тәсілдерді, оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жолдарын және мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістерді түсінуге тиіс. Олардың білімін бағалау теориялық білім мен практикалық дағдыларды ұштастыра отырып жүзеге асырылады. Бағалау үдерісі оқу процесінің әр кезеңінде жүргізіліп, білім алушылардың білімін бекіту және оларды педагогикалық тәжірибеге дайындау мақсатында құрылады.

Оқу барысында тыңдаушылардың белсенділігі мен пәнді меңгеру деңгейі түрлі әдістер арқылы бағаланады. Бұл әдістерге тест тапсырмалары, жазбаша жұмыстар, практикалық жаттығулар, топтық және жеке жобалар, портфолио жүргізу, кейс-стадияларды талдау және қорытынды емтихан кіреді. Әр модульден кейін алынатын ағымдық бағалау тапсырмалары тыңдаушылардың материалды қаншалықты меңгергенін анықтап, қосымша қолдау көрсету қажеттілігін айқындайды. Практикалық тапсырмалар мен тренингтер тыңдаушылардың дамытушы технологияларды тәжірибеде қолдану деңгейін көрсетеді, ал топтық және жекелеген жобалар олардың шығармашылық қабілеттері мен инновациялық ойлауын дамытуға бағытталған.

Курстың соңғы кезеңінде тыңдаушылар өздерінің жұмыстарын ұсыну арқылы алған білімдері мен дағдыларын қорытындылайды. Жоба тақырыбы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларына негізделіп, нақты педагогикалық мәселелерді шешуге бағытталған болуы тиіс. Тыңдаушылар өз жобаларын таныстыру барысында олардың ғылыми-әдістемелік негізділігі, педагогикалық тәжірибеде қолданылу мүмкіндігі және инновациялық идеяларды іске асыру деңгейі бағаланады. Сонымен қатар, курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылардан рефлексиялық есеп алынып, олар өз оқу процесіндегі жетістіктері мен қиындықтары туралы пікір білдіреді, бұл әдіс олардың өзін-өзі бағалау қабілеттерін қалыптастыруға және кәсіби дамуына ықпал етеді.

Оқу нәтижелерін бағалау жүйесі тыңдаушылардың алған білімдерін практикада тиімді қолдануға дайындығын анықтауға, олардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға және мектепке дейінгі білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған. Бұл кешенді бағалау әдістері курс тыңдаушыларының оқыту технологияларын меңгеруін ғана емес, сонымен қатар оларды шығармашылықпен қолдану қабілетін де айқындап, олардың кәсіби қызметіне оң әсерін тигізеді.

Бағалау процесі оқу модульдері барысында жүргізіліп, «Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу» тақырыбында постерлік презентация дайындап, «АКТ-ны мектепке дейінгі білім беруде тиімді пайдалану жолдары қандай»: Кейс-әдіс» (ситуациялық тапсырмалар) негізінде қорытындыланады.

Соңында тест тапсырады.

Тест нәтижелерін бағалауда бірнеше негізгі аспектілер ескеріледі:

Дұрыс жауаптар саны – тестілеудегі дұрыс жауаптардың пайыздық мөлшері.

Қиындық деңгейі – сұрақтардың жеңіл, орташа және қиын деңгейлерін ескере отырып бағалау.

Уақытты тиімді пайдалану – тестілеу барысында бөлінген уақытты қаншалықты тиімді пайдаланғанын анықтау.

Қате жауаптар мен олардың түрлері – білім алушының қандай қателіктер жібергенін талдау.

Тыңдаушылардың белсенділігін бағалау шкаласы

Бағалау түрі		Бағалау компоненттері	%	Балл	Қорытынды баға(%)
Сабаққа қатысуы		-	10	10	10
Қалыптастырушы бағалау	Тыңдаушының белсенділігі (20)	Сабақтың әртүрлі кезеңдеріне қатысуы	5	5	40
		Топтағы басқа тыңдаушылар-мен өзара әрекеттесуі	5	5	
	Практикалық жұмыс(20)	Жауап беру дәрежесі / жеделдігі	5	5	
		Жаңа идеяларды / шешімдерді ұсынуы	5	5	

Жиынтық бағалау	Тыңдаушының жеке/жұптық / топтық жұмысы (СӨЖ және қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындауы)	5	5	5
	Кейстерді талдауы / жағдаяттық есептерді шешуі / сабақ үзінділерін құрастыруы / эссе	5	5	5
	Қорытынды тест	50	21-24	40

Балдарды бағаға ауыстыру шкаласы

бағалау	Орындау % - дегі ауқым	ұпайлар
1	90%-100%	21-25
2	75–89%	20-17
3	50–74%	16-14
4	50% -ден кем	13-дан аз

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылардың алған білімдерін практикада тиімді қолдануына мүмкіндік беру және кәсіби даму үдерісін үздіксіз жалғастыру үшін жан-жақты қолдау көрсетіледі. Курстан кейінгі қолдау педагогтардың мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізуге көмектесуге, олардың кәсіби шеберлігін арттыруға және оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге бағытталған.

Курс аяқталғаннан кейін педагогтарға әдістемелік кеңестер беру, тәжірибелік қолдау көрсету және олардың педагогикалық қызметін жетілдіруге көмектесу мақсатында арнайы ресурстар ұсынылады. Тыңдаушылар үшін онлайн-кеңестер мен вебинарлар ұйымдастырылады, онда олар мектепке дейінгі білім беру саласындағы жаңа трендтер, өзгерістер мен педагогикалық тәжірибелер туралы ақпарат алады. Сонымен қатар, педагогтар өздерінің

жұмысында кездескен қиындықтарды талқылап, тәжірибелі мамандардан кері байланыс алу мүмкіндігіне ие болады.

Педагогтардың өзара тәжірибе алмасуына және үздіксіз кәсіби дамуын қолдауға бағытталған кәсіби қауымдастықтар мен форумдар құрылып, тыңдаушылар бір-бірімен байланыс орнатып, өз тәжірибелерімен бөлісе алады. Онлайн-платформалар арқылы тыңдаушыларға мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуге арналған жаңартылған әдістемелік материалдар, инновациялық педагогикалық технологиялар туралы ақпарат және жаңа зерттеулер ұсынылады.

Курсқа қатысушылар үшін қосымша материалдар, интерактивті оқу құралдары мен ресурстарға қолжетімділік қамтамасыз етіледі, сонымен қатар олардың кәсіби дамуын жалғастыру үшін біліктілікті арттыру бағдарламалары мен қосымша тренингтерге қатысуға мүмкіндік беріледі. Педагогтардың жетістіктерін қолдау мақсатында оларға мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық жобалар мен зерттеу жұмыстарын жүргізуге көмек көрсетіледі.

Курстан кейінгі қолдаудың маңызды бөлігі ретінде педагогтардың тәжірибеде кездесетін нақты жағдайларды талдауына және оларды шешу жолдарын іздеуіне көмектесетін менторлық бағдарлама қарастырылады. Тәжірибелі педагогтер мен тренерлер тыңдаушылармен тұрақты байланыста болып, олардың кәсіби қызметіндегі жетістіктерін бақылап, қажетті әдістемелік қолдау көрсетеді.

Курс аяқталғаннан кейінгі қолдау жүйесі педагогтарға мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға, оқыту мен тәрбиелеу процесінде инновациялық әдістерді тиімді қолдануға және кәсіби дамуын жалғастыруға жағдай жасайды. Бұл үдеріс педагогтардың тәжірибелік білімін жетілдірумен қатар, олардың мектепке дейінгі білім беру саласындағы өзгерістерге бейімделуіне және шығармашылық әлеуетін дамытуына мүмкіндік береді.

10. ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. (2007 ж., 2019 ж. толықтыруларымен).
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС). (2020 ж.).
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы». – Нұр-Сұлтан, 2022 ж.
4. Фрадкина А. С. «Инновациялық педагогика: жаңа технологиялар мен тәсілдер». – Мәскеу: Академия, 2019 ж.
5. М.Қ. Сарыбеков, Ж.Т. Бекенова. Педагогикалық білім берудің заманауи трендтері. Шымкент, 2021.
- А.Қ. Құсаин, А.Ж. Әбілқасымова. Білім беру үдерісінде SMART-технологияларды қолдану. Орал,
6. С.Ж. Жиенбаева. Мектепке дейінгі білім берудегі ақпараттық технологиялар. Қарағанды, 2023.

7. Ж.Қ. Қараев. Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері, құралдары мен тәсілдері. Түркістан, 2020.

8. Жанатбекова Н.Ж. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар [Мәтін] : оқу құралы / Н.Ж. Жанатбекова, Ф. Борибекова. - Алматы : ЭСП И, 2021. - 248 б. - ISBN 978-601-342-110-0

Қосымша әдебиеттер:

1. Кларк В. «Мектепке дейінгі білім беруде робототехника және инженерия негіздері». – Лондон: Routledge, 2021 ж.

2. Дьяченко О. «Балалардың когнитивтік дамуын бағалау әдістері». – Санкт-Петербург: Питер, 2017 ж.

3. Оразбаева Ф. «Ата-аналармен жұмыс істеу әдістері». – Алматы: Мектеп, 2018 ж.

4. Мамай А., Маденова А. «Қазақстандағы инклюзивті білім беру: тәжірибе және болашағы». – Алматы: Қазақ университеті, 2019 ж.

5. Мұхамедрахимова Қ. «Қазақстандағы мектепке дейінгі білім беруде бағалау жүйесі». – Нұр-Сұлтан: Астана кітап, 2021 ж.

6. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. 2021.

7. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Нұр-Сұлтан, 2020.

8. Кубентаева С.Н. Оқу мен оқытудағы жаңа инновациялық технологиялар: Оқу құралы. - Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ "Берел" баспасы, 2019. - 124б. -